

К. А. ОРАЗБЕКОВА

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ – ҚАЗАҚ НАМЫСЫНЫҢ КҮШІ (I-бөлім)

Еліміздің тәуелсіздік алуы ұлттық тәлім-тәрбиеге кең еріс ашты. Ендеше ғасырлар бойы жалғасқан мол халықтық мұра, ұлттық психология негіздері қайта оралып, жастарымыздың орыстанған жан дүниесін жаңғыртып, қазақтандыруға қызмет етуі қажет. Бұл — үлкен мақсат. Ол туралы кезінде М. Жұмабаев: «әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлттың тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», — деген болатын. М. Дулатов: «...балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухын сіңіріп, ана тілін үйретіп шығару қажет» десе, тағы бірде оқу кітаптары ана тілімен өз ұлтының тумысынан ыәм табиғатынан жазылу керектігін ескертеді. Бүгінде сол кезде айтылған ұлы педагогтердің ой-пікірлерінің бағалылығы, өзектілігі, өткірлілігі әлі мәнін жойған жоқ екендігіне, қайта ауыр сыннан өтіп, әлеуметтік-психологиялық маңызы артып отырғанына көзіміз жетті.

Кеңес дәуірінде қазақ мектептері орыс мектептерінің көшірмесі іспетті болды. Олардың қазақ халқы үшін жас ұрпақ тәрбиесінде пайдасы да, зияны да болды. Қазіргі уақытта ХХІ ғасырға бағытталған ұлттық мектептерде қазақ халқының тәлім-тәрбиесі енгізіле бастады. Мемлекет тарапынан ұлттық мектептер ашу, онда ұлттық тәрбие беру туралы құжаттар шығарылып, жалпы білім беретін қазақ мектептерінде білім көлемін анықтаудың және ұлттық тәрбие берудің тұжырымдамалары жасалынууда.

Қай заманда болмасын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатыны хақ. Егемен Қазақстан ұрпақтарының ұлттық сана-сезімін ата мұра дәстүрімен сабақтастыра қалыптастыру, нағыз ұлттық тұлға қалыптастыру — қазіргі күннің ең өзекті мәселесі болу керек.

Қоғамдағы тәртіп нормаларын жүзеге асыратын — жеке тұлға. Мемлекетіміздің президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан егеменді ел ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты еңбегінде былай деген: «Азаматтар тарапынан болсын, қоғамдық тәртіп пен заңдылықты сақтау мәселесінде де мемлекеттік өкіметтің дәйекті іс-қимылы ерекше сипатта болуы тиіс». Адамның қалыптасуына қоғам әсері қандай болса, қоғамдағы болатын және болып жатқан құбылыс-

тарға адамның да әсері сондай. Адамның құқықтық санасы мен мәдениеті неғұрлым жоғары болса, соғұрлым қоғам дами түседі. Осының барлығы адам мен қоғамның байланысына дәлел. Қоғам дамуы адамның ырқымен анықталады. Олай болса адам қоғам үшін емес, қоғам адам үшін қызмет етеді. Адам – қоғам дамуындағы шешуші фактор. Ол өзінің тыныс-тіршілігі, өмірге араласуы арқылы қоғамды елеулі, тіпті шешуші өзгерістерге ұшыратады, адам қоғам өмірінде жасампаздық қызмет атқарады.

Әлемдегі қай халықты алмайық, олардың шыққан тегін, өткендегі тарихи жолын, танып-білуге ұмтылып, қатпары мол тарих қойнауынан оңайлықпен сырын аша бермейтін рухани қазына көздерін түрткілеп ізденуге түсуі — халықтың өзін-өзі тану жолына түсуі, яғни озық халықтардың бәріне тән кәнігі құбылыс. Бұл ерекшелік халықтың іштей түлеп, рухани сатысының жоғарғы баспалдақтарына көтерілуінің бір белгісі. Бұл қасиет қазаққа да тән.

Өзінің өмір кешкен тарихи жолын танып-білуге деген құштарлық — қазақта есте жоқ ескі заманнан бермен қарай ес біліп, етек жапқан баласына дейін жеті атасын білдіру дәстүрлі тұрақты құбылысқа айналғаны белгілі және ол жай нәрсе болмаса керек. Жеті атадан арғы ата тегін қуалап нешеме түрлі тарихи сапырылыстарда орын алған әңгіме-аңыздарды әр ауыл ақсақалдары, яғни тарихтың тірі архивтері, өз әлінше танытып, таратып отыру салты қазақта мықтап орныққан тағылымды салт-дәстүр, ұлттық-психологияның дәл өзі. Осының бір көрінісі М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында жігіт Абайдың әр ауыл ақсақалдарымен тарих қойнауынан сыр тартып, әңгіме-дүкен құрған ел жағдайы, жер тарихы туралы сырласуларын психолог маманша әр қырынан суреттегеніне дәлел керегі жоқ.

Міне, осындай ортаның рухани бесігінде тербеліп, Абайдай кемеңгер ағасынан тәлім алып өскен Шәкәрімнің өз халқының шығу төркіні мен шежіре тарихына зерттеуші ғалымша ізденіп, тиянақты психологиялық озық ой түйіп, пікір айтуы табиғи заңды құбылыс.

Абай өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» тарихи мақаласында қазақ арасында та-

раған шежіре, аңыз-әңгіме атаулының қазақтың арғы шыққан тегін исламиятқа орай араб сахабаларынан шығыпты деген сарынына қарсы, сол жалған танымға тойтарыс беру мақсатымен жазылғанын байқау да қиын емес.

Міне, осы ғылыми негізі жоқ діни ұғымдағы жасанды көзқарасты алғаш рет Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» мақаласында батыл әшкерелейді. Әрі бұл іспеттес аса күрделі мәселені жан-жақты тереңдей зерттеп жалғастыру қажеттігін де сезінгенін көреміз. Қазақтың шығу төркіні, тегі жайлы шежіре түрінде еңбектенуді өзінің немере туысы, қатарынан оза шапқан Шәкәрімнің қолға алуын қалады. Шәкәрімнің Абай жолын жалғастырғанын 1911 жылы Орынборда басылып шыққан «Түрік, қырғыз ғәм хандар шежіресі» деген іргелі еңбегінен де анық аңғарамыз.

Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіздіктің он екі жылдығына арналған салтанатты жиналыста «Қазақстан: жаңару стратегиясы» атты баяндамасында: «Біздің азаматтардың негізгі бөлігі өз еңбегінің арқасында тамағы тоқ, киімі көк болмайынша, олардың жарамды тұрғын үйі, тұрақты жалақысы болмайынша, өз балалары үшін сенімді болмайынша, басқа сөзбен айтқанда, қорғайтын және сақтайтын нәрселері болмайынша, адам мәңгіртелуінің зор қатері бар» дегені бекер емес.

Қай халықтың ұлттық рухы күшті болса, сол халық өзінің тәуелсіздігін қорғай алатыны тарихтан белгілі. Оған дәлел — осы ғасырдың орта шенінде өздерінің саяси тәуелсіздігі үшін күреске шыққан Азия-Африка халықтары немесе кеше ғана өзімізбен тәуелсіздігін бір уақытта алған Балтық жағалауы халықтарының қол жеткізген табыстары, болмаса бүгінгі шешен халқының бостандық үшін өзінен күші әлдеқайда басым жауына қарсы тұрып, қаармандықпен ерлік көрсетуі. Осының бәрі бұл халықтардың ұлттық рухының биіктігін, беріктігін көрсетеді.

Біз болсақ, тіл, дін, салт-дәстүр жөнінде көп айттып, көп жазамыз, ал іс жүзінде тындырып жатқан шаруамыз шамалы. Сондықтан қазіргі жастарымыздың соның ішінде қалада тұратындардың ана тілін білмеуі, кейбірінің дінінен безіп, басқа дінге кіруі, көбінің ұлттық салт-дәстүрден хабарсыздығы өз ата-анасының кіндік қаны тамған жерінен безіп шет елді паналау, түр-түсін өзгерту осының салдары. Бұл аздай кісі өлтіру, адам тонау, ұрлық жасау, маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік сияқты қылмыстық істердің көбін қазақ жастарының жасайтыны да жасырын емес. Оны күнде теледидардан көріп, газет беттерінен оқып жүрміз. Бұл

дегеніміз, халқымыздың болашағы жастарымыздың мәңгірттіктің кесірінен рухани азғындық жолына түсіп, имансыздануы деген сөз. Қазіргі таңдағы айдан анық нәрсе — жер бетіндегі өз билігі өзіндегі тәуелсіз мемлекеттердің бірі болдық, бұрынғы қасиетіміз қайтадан жаңғырып, оралуы қажет.

Жаңа ғасыр бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тоғысуы басталып, біртектес адамдық мәдениеттің аймағына ену міндеті алға қойылып отыр. Бұған, әрине, берекесі кеткен мәдениет қосыла алмайды.

Бүгінгі нарықтық адам өзін тауар, ал өзінің құндылығын айырбас өлшемімен бағалайды. Өзін қанша бағалансам, соншама «бақыттымын» деп санайды. Нарықтың тағы бір негізі — жеке меншік, ол өмірдің қажеттілігі. Ол қажеттілікті танып-біліп, береке-бірлікпен өз ырқына көндіре білу өзіміздік пен қатыгездікке ұрынбай, салт-дәстүр әдептілікпен байланыстыра білу өте қажетті өнер.

Олай болса, рух, жан тәрбиесі қажет-ақ. Түсіне білсек Әбілмансұрды Абылай еткен Төле тәрбиесі, хандарды тәубасына келтірген жырау-ақындар тәрбиесі. әжесі Зере мен анасы ұлжанның тәрбиесі — Абайға өмір иірімдерінің тереңдігін түсіндіре отырып, бүгінгі ұлы бейне, данышпан, ғұламалыққа жеткізді. Ол тәрбие — қазақ намысының күші. Қоғамның түп негізі — адам, ол асқан ақиқат, ақыл иесі, одан үлкен ат жоқ. Орыстар шошқаны да, тауықты да кім деп жатса, қазақта адамға ғана кім? деген сұрақ қойылады. Ендеше, түп негізіміз мықты болу үшін жас ұрпағымызға барлық жағдайды жасап, жан дүниесін жаңғыртайық. «Тәуелсіздік тіліміз, дініміз бен дәстүрімізді жаңартатын күнге жеткізді. Өкінішке орай, қоғамдық ғылымдар әлі де «сарай маңындағы ғылым» болып, ақиқатты дұрыс көрсете алмай жүр. Стратегиялық зерттеу институты, талдау орталықтары шындықты бұрмалау, социологиялық зерттеулер қорытындысын белгілі бір саясатқа бейімдеу сияқты істерден аса алмайды. Теледидардан саяси сараптамашыларымыздың да үстірт, біржақты пікірлерін байқауға болады. «Кәдеге жарамаған ғылым мен білім елге қарсы жұмыс істейді», — дейді депутат Амангелді Айталы.

Ендеше қазақтың ұлттық өз төл психологиясын оқу-тәрбие жұмысына енгізіп нағыз ұлттық тұлға қалыптастырайық.

Грек ғұламалары ұлт атану үшін төрт негізгі шарттар болуы қажет деген. Осы пікір бүгінде өз күшінде. Олар: 1) жері, 2) тарихы, 3) тілі, 4) салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы. Ал қазақта оның бәрі әуелден бар. Яғни, ол — ұлт.

Қазақ ұлты тарихының оның жерінің салт-

дәстүрімен әдет-ғұрпының, тілінің жұртшылыққа беймәлім, әлі де ашылмаған жұмбақ сырлары мол.

ұлттыңды тану дегеніміз — ұлттық сана-сезім, ұлттық намыс тудыру. Егер ұлттың өзіндік сана-сезімі, намысы болмаса, онда халі мүшкіл, ұлттың тілі де, ділі де, дәстүрі де, тарихы да — барлығы құр әншейін жасанды нәрсеге айналып кетуі мүмкін. Ал ондай ұлттың кез келген басқа ұлттың жетегінде (бұрын Ресейдің, қазір шет елдің) кете беретіндігі даусыз. Ұлттың өзін аяғынан нық тұрғандай сезінуі, өзін-өзі танып, өзін-өзі сыйлайтындай дәрежеге жетуі, ұлттық сана-сезімнің пайда болуына байланысты. Ал ондай сезімді тудыратын нәрселер – өзін-өзі тану, жақсылап тану, жақсы жағынан тану (Абай).

Енді сол ұлт болудың бірден-бір ең қажет қасиетті белгілеріне жеке-жеке тоқталып, негізгі айтылмай жүрген, бүгінгі кезеңде баса айту қажет ерекшеліктерін көрсетейін.

Кейбір азаматтар қазақстандық болайық, ұлтын қазақ деп жазбайық деген артыс-тартысты естіп, көргенде, есіме үнемі «Құрбақа мен жарқанат» деген ертегі түседі. Қараңыз:

Телегей теңізге телміре қарап Құрбақа отыр. Бұл оның күндегі әдеті. Көзімен Шортанды іздейді.

— Әне, анау Шортан ғой.

Қуанғаннан бар дауысымен айғай салды.

Толқынды толқын қуып, толқынға Шортан мі-ніп ойнап жүр.

Ғажап! Балықтар қандай бақытты еді. Мен де Шортан секілді шаттыққа бөленіп шомылар ма едім? Әй, қайдам. Әлдене есіне түскен бақа тұнжыраған күйі төмен қарады.

Өзіне де обал жоқ. Жарқабаққа жабысып қонып отырған жарқанатқа «Бақ-бақ-бақ, әкең — тышқан, шешен – құстан, неге отырсың жартаста тапжылмастан», — деп тиіскен де өзі болатын.

Жартастың етегіндегі сазды мекен еткен бақаға жарқанат та жақтырмаған дауыспен: «Е, солай-ақ болсын, намысы жоқ, қонысы жоқ құрбақа», — деген еді.

— Неге олай дейсің? Қос мекенім бар. Бірі — су, бірі — жер. Сол-ақ екен жар басындағы жарқанат жақындап келіп, — мен де естігенімді айтайын — ал тыңда, — деді.

Ертеде балықтармен бірге бақалар да суды мекен етіпті-мыс. Күндердің күнінде су түбіндегі інжу-маржан мен асыл тастардың құпиясын білгісі келген Жер патшалығы жансызын Су патшалығына жіберіпті. Су түбінің құпиясын құрбақа жансызға жария етіпті.

Құрбақаның сатқындығын сезіп қалған Су патшасы өзі тіршілік ететін мекенін сатқан сатқындардан Су

патшалығы аластатылсын, — деп жар салады. Жарлықты естіген ашулы су толқындары бақаны жер бетіне лақтырады. Сатқынды Жер патшалығы да қабылдай алмай, кері итереді. Міне, сөйтіп, бақалар не суды, не жерді мекен ете алмай саз-балшықта қалып қойған екен. Тегінің тарихын естіп терлеген бала бақа үнсіз қалды.

Енді сол ұлт болудың бірден-бір ең қажет қасиетті, тұрақты төрт шартты белгілерін (тіл, жер, тарих, салт-дәстүр) жеке-жеке қарастырып, негізгі айтылмай, зерттелмей жүрген, өзекті (актуальды) ең қажет ерекшеліктерін көрсетіп, дәлелдеп, түсіндіріп талдайын.

1. Тіл — ұлттың жаны.
2. Жер — ұлттың анасы.
3. Тарих — ұлттың атасы.
4. Салт-дәстүрлер — ұлт қазынасы.

ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаев Н. ә. Қазақстан — 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы: Білім, 1998. 7 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н. ә. Назарбаевтің Дүние жүзі қазақтары құрылтайының салтанатты мәжілісіндегі сөзі // Жетісу. 1992. 3 қазан. 1 б.
3. «Білім беру туралы». Қазақстан Республикасының Заңы // Егеменді Қазақстан. 1992. 18 қаңтар.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989. 318 б.
5. Досмұхамедұлы Халел. Ақылнама. Ташкент, 1927.
6. Дулатов М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1991. 1-т. 348 б.
7. Аймауытов Ж. Психология. Алматы: Рауан, 1995. 312 б.
8. Жұмабаев М. Таңдамалы. Алматы: ғылым, 1992. 272 б.
9. Жұмабаев М. Шығармалар. 2, 3 том. Алматы: Білім, 1996. 512 б.
10. Назарбаев Н. А. «Пять лет независимости». Из докладов выступлений и статей Президента Республики Казахстан. Алматы: Қазақстан, 1996.
11. Досмұхамедұлы Халел. Аламан. Ташкент, 1926. 27-28-бб.
12. Марғұлан ә. Ежелгі мәдениет куәлері. Алматы: Қазақстан, 1996.
13. Досмұхамедұлы Халел. Қазақ-қырғыз білім комиссиясына // Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991. 50 б.
14. Ғамзатов Р. Қағиданың бұзылуы // Вопросы литературы. 1972. №2.
15. әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы, 1975. 12, 19, 70-бб.
16. Рубинштейн С. Л. Бытие и сознание. М.: АН СССР, 1957.
17. Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание. Личность. М.: Политиздат, 1975.
18. Қаратаев М. Абайды қайта оқығанда // Қазақ әдебиеті. 1984. 10. VIII.
19. Бердібаев Р. Кеменгерлік гирбаты // Қазақ әдебиеті. 1984. 26. X.

20. Құнанбаев Абай. Қара сөз. Поэмалар. Алматы. Ел. 1993. 269 б. 7 сөз
21. Аймауытов Ж. Жан жүйесі және өнер тандау (араб әрпімен басылған). М., 1926.
22. Әлімбаев М. 666 мақал мен мәтел. Алматы. 1960.
23. Базаров Ж., Нұсқабаев Ж. т.б. Инабат. Алматы: Рауан, 1995.
24. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. Орынбор, 1924.
25. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығ. 2-бас. Алматы, 1985. 167 б.
26. Алтынсарин Б. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1995.
27. Құнанбаев Абай. Шығармаларының бір томдық жинағы. Алматы, 1961.
28. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1993. 1-т.
29. Гибсон Дж. Экологический подход к зрительному восприятию. Пер. с англ. Общ. ред. и вступ. ст. А. Д. Логвиненко. М.: Прогресс, 1988. С. 394.
30. Фалес. Древнегреческая философия (624–547 до н. э.).
31. Хан Кене. Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. Алматы; Жалын, 1993.
32. Жабаев Ж. Шығармалары. Алматы: Жалын, 1996.
33. Общая психология / Под. ред. Петровского. Изд. 2. М.: Просвещение, 1977.
34. Выготский Л. С. Педагогическая психология. М.: Педагогика, 1991.
35. Ковалев А. Г. Психология личности. Изд. 3-е. М.: Просвещение, 1970.
36. Выготский Л. С. Развитие высших психических функций. М.: АПН РСФСР, 1960.
37. Ушинский К. Д. Родное слово. Собр. соч., т. 6. Москва–Ленинград: Изд-во АПН РСФСР, 1949. С. 252.
38. Богословский В. В. Жалпы психология. Алматы: Мектеп, 1980.
39. Ауэзов М. О. Мысли разных лет. Алма-Ата, 1961. С. 56.
40. Ауэзов М. О. Абай Құнанбаев. Статьи и исследования. Алма-Ата, 1967. С. 362.
41. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989. 318 б.
42. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. Алматы, 1981. 6 б.
43. Құнанбаев Абай. Шығарм. бір томдық жинағы. Алматы, 1961.

21.04.06ж. түскен күні